

"Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумақтарынан Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарлардың импорты бойынша есепке алу әдісімен төлеуді қолдану ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 16 шілдедегі № 349 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2011 жылғы 25 ақпандағы № 100 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 18 наурызда № 6832 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 2 мамырдағы № 229 бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2012.05.02 № 229 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т у і !

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы
» Қазақстан Республикасы Заңының 49-1-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумақтарынан Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарлардың импорты бойынша есепке алу әдісімен төлеуді қолдану ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 16 шілдедегі № 349 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6366 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2010 жылғы 25 тамыздағы № 344-347 (26190) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарлар бойынша есепке алу әдісімен қосылған құн салығын төлеуді қолдану ережесінде:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Міндеттемеге Қазақстан Республикасының кеден органдары беретін Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасының коды бойынша қ о р ы т ы н д ы қ о с а б е р і л е д і .

Бұл ретте келісімшартта мұндай тауарды бірнеше рет жеткізу көзделсе, онда Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасының коды бойынша қорытындының түпнұсқасы тек бірінші жеткізу бойынша беріледі, ал кейінгі жеткізулер бойынша осындай қорытындының көшірмесі беріледі.»;

9-тармағында «тауарлар әкелу кезінде» деген сөздердің алдынан «Қазақстан Республикасының аумағына кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан» деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген Ережеге қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті (Ерғожин Д.Е.) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның кейіннен бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Министр

Б. Жәмішев

2011 жылғы 25 ақпандағы № 100

««Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумақтарынан Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарлардың импорты бойынша есепке алу әдісімен төлеуді қолдану ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 16 шілдедегі № 349 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығына қосымша Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарлар бойынша есепке алу әдісімен қосылған құн салығын төлеуді қолдану ережесіне қосымша нысан

Тауарлардың импорты бойынша есепке алу әдісімен төленуге тиісті қосылған құн салығының сомасын қосылған құн салығы жөніндегі декларацияда көрсету бойынша және оларды мақсатты пайдалану туралы міндеттеме

1-бөлім. Жалпы ақпарат

кодының жіктемесін растайтын 20 ____ жылғы « ____ » ____ № ____
_____ құжат.

Осыған орай көрсетілген тауарларды, яғни қаржы лизингі мен реэкспорт режимінде тауарды қайтаруға беруді қоспағанда, яғни олардың мақсатты бағытына сәйкес өзіндік өндірістік мұқтаждықтар үшін пайдалануға м і н д е т т е н е м і н .

Көрсетілген тауарларды өзге мақсаттарға пайдалану үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес қосылған құн салығы мен өсімпұлдарды _____ төлеуге _____ міндеттенемін.
/ _____ /

(Салық төлеушінің аты-жөні) _____ (қолы) _____
Міндеттемені тапсыру күні 20 ____ жылғы « ____ » ____ № ____
/ _____ /

(Міндеттемені қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні) _____ (қолы) _____

Міндеттемені қабылдау күні 20 ____ жылғы « ____ » ____ № ____

Салық қызметі органының М.О.

Ескертпе. Міндеттеме «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының (Салық кодексі) 276-20-бабының 3-тармағында көрсетілген импортталатын тауарлар мен құжаттар бойынша жанама салықтар жөніндегі декларациямен бір уақытта екі данада салық қызметі о р г а н ы н а _____ т а б ы с _____ е т і л е д і .

«Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес БСН/ЖСН 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап Міндеттемені табыс ету кезінде міндетті түрде толтырылуы тиіс.